

БЕКІТІЛДІ
"Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан ағартылым-техникалық
университеті" К.А.К.
Басқарма төрағасы-ректоры
А.М. Нәметов
«04» 09 2019 ж.





БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ТУРАЛЫ

СМЖ.07.БЕ.04

№ 05 басылым
№ _____ дана

Дайындалды: 07.09.2019 ж.	Келісілді: 01.09.2019 ж.	Енгізілді: 04.09.2019 ж.
Оңаев М.Қ. 	Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б. Тасқалиев Е.К. 	Орнына СМЖ.07.БЕ.04 11.01.2019 Қайта қаралуы: 04.09.2019 ж.

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгертулер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл «Жоғары мектеп туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (бұдан әрі – Университет) ішкі құжаты болып табылады;

1.2. Ереже ректор бекіткеннен бастап Университетте күшіне енеді. Бұл Ереженің Университеттің барлық институттары үшін күші бар;

1.3. Жоғары мектеп Ғылыми Кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен құрылады және таратылады;

1.4. Жоғары мектеп ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде білім алушылардың кәсіптік қалыптасу және жетілдіру, ғылыми мен практикаға қол жеткізу мақсатында жоспарлы, мақсатты бағытталған оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады;

1.5. Жоғары мектептің ресми атауы оны құру немесе қайта құру кезінде Ғылыми Кеңестің шешімімен бекітіледі және кәсіптік кафедралардың атауы мамандарды даярлау бағытын, ал кәсіби емес кафедралар үшін оның мамандарды даярлау саласының атауын бейіндейді;

1.6. Жоғары мектеп заңды тұлға болып табылмайды;

1.7. Жоғары мектеп білім беру қызметін жүргізуге лицензияны университет құрамында алады;

1.8. Жоғары мектеп жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру құқығына дайындау бағыты мен білім беру деңгейіне сәйкес лицензияны алу уақытынан бастап ие болады;

1.9. Жоғары мектеп өз қызметінде ҚР-ның «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Университеттің Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Құрылымы мен штаты

2.1. Жоғары мектеп жұмысын қолданыстағы ережелері мен университеттің Жарғысында анықталған тәртіп бойынша ректордың бұйрығымен тағайындалған жоғары мектеп жетекшісі басқарады;

2.2. Жоғары мектеп жетекшісі жоғары мектеп қызметінің бағытына немесе жоғары мектептегі мамандарды даярлау бағытына сәйкес келетін мамандықты, ғылыми дәреже мен атақты иемденеуі керек. Жоғары мектеп жетекшісі тікелей институт директорына бағынады. Жоғары мектеп жетекшісінің міндеті лауазымдық нұсқаулығымен анықталынады;

2.3. Жоғары мектеп штаты оның нормативтік оқу жүктемесіне сәйкес қолданыстағы ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау бойынша уақыт нормасы арқылы анықталынады;

2.4. Жоғары мектептің штатына жоғары мектеп жетекшісінің, профессорлары, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, ассистенттер, оқу-көмекші персоналдар, сонымен қатар жоғары мектеп жанынан ашылған ғылыми немесе басқа құрылымдық бөлімдердің қызметкерлерінен тұрады;

2.5. Жоғары мектептің штатында штаттағы және қосымша қызмет атқарушы лауазымдары бола алады;

2.6. Жоғары мектептер өзінің құрамында білім беру процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыруға қажетті оқу және ғылыми зертханаларды, оқу-ғылыми-өндірістік жерлерді, әдістемелік және арнайы кабинеттерді, компьютерлік кластарды иемдене алады;

2.7. Жоғары мектептер мамандықтары мен мамандану пәндері бойынша оқу сабақтарын өткізу, оқу және өндірістік, дипломалды практикаларды ұйымдастыру және өткізу, курстық және диплом жұмыстарын даярлау мақсатында қызметі кафедраның бейініне сәйкес келетін өзінің филиалдарын аша алады. Жоғары мектептің филиалын кәсіпорындарда, ұйымдарда, мекемелерде ашу және қызметін тоқтату аталған заңды тұлғалардың әкімшілігімен келісе отырып ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. Мақсаттары мен негізгі міндеттері

- 3.1. Жоғары ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру деңгейінде аудиториялық сабақтардың барлық түрі мен білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;
- 3.2. Оқу процесін толық көлемде ақпараттық көздермен қамтамасыз ету, жоғары мектептің пәндері бойынша әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру;
- 3.3. Жоғары мектеп қызметкерлерінің жеке, кәсіби шеберлігін жетілдіру және педагогикалық және ғылыми білікті кадрларды қалыптастыруға жағдай жасау;
- 3.4. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану, соның ішінде кәсіптік білім берудің қоғамның және еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез арада бейімделетін кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық-коммуникациялық және т.б.;
- 3.5. Қоғамның және экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандарды даярлау сапасын басқару жүйесін қалыптастыру және жүзеге асыру;
- 3.6. Білім алушыларға еркін таңдау негізінде кәсіби бағытталуы мен қажеттілігін ескере отырып оқытудың білім беру траекториясын қалыптастыруға жағдай жасау;
- 3.7. Келісім-шарт және ғылыми бағдарламалар негізінде ғылыми зерттеулерді орындауға және оның нәтижелерін оқу, ұйымдастыру, өндірістік және т.б. процестерге енгізу;
- 3.8. Білім алушылардың кәсіби бағытталуын ұйымдастыру;
- 3.9. Техникалық және кәсіби білім беруді жұмыс берушілермен, әлеуметтік серіктестіктермен белсенді ара-қатынас орнату арқылы дамуды қамтамасыз ету;
- 3.10. Мемлекеттік білім беру тапсырысына және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандарды даярлау.

4. Қызметтері

- 4.1. Жұмыс оқу жоспарын, жұмыс оқу бағдарламаларын, мамандықтардың және пәннің оқу-әдістемелік кешенін дайындау, бақылау-өлшеу материалдарын даярлау, баға қою саясатын негіздеу;
- 4.2. Білім алушыларды салауатты өмір сүруге және кафедраның қоғамдық шараларына белсенді қатысуға жігерлендіру;
- 4.3. Академиялық күнтізбеге сәйкес, білім алушылардың білімін бақылаудың барлық түрін ұйымдастыру және өткізу;
- 4.4. Оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу әдістерін жетілдіру, оқу процесіне жаңа технологияларды, оқыту мен бақылаудың интерактивті формаларын және т.б. енгізу;
- 4.5. Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, басқару және бақылау;
- 4.6. Оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау; оқу сабақтарын өткізу, өзіндік жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды жасау;
- 4.7. Педагогикалық және ғылыми кадрларды таңдау, даярлау және біліктілігін арттыру;
- 4.8. Ғылыми-әдістемелік семинарларды, тренингтер мен конференцияларды өткізу;
- 4.9. Жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылар, колледждер мен лицейлердегі білім алушылар арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 4.10. Жоғары мектептің кәсіпорындар және оқу ұйымдарымен байланысын орнату, ұйымдарға кадрларды даярлау және қайта даярлау бойынша білім беру қызметтерін көрсету;
- 4.11. Жоғары мектеп қызметінің бағыты бойынша ғылыми және сынау-сараптау мәселелерін шешу үшін ғылыми зерттеулерді жүргізу;

- 4.12. Ғылыми басылымдарды, монографияларды даярлау, зерртеу нәтижелерін практикалық қолдану;
- 4.13. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және өткізу, студенттік конференцияларды, олимпиадаларды және сайыстарды өткізу;
- 4.14. Эдвайзерлерді тағайындау және олардың қызметін ұйымдастыру;
Бітіруші жоғары мектеп қосымша келесі қызметтерді жүзеге асырады:
- 4.15. Элективті пәндер каталогын, практика бағдарламаларын даярлау;
- 4.16. Оқу, өндірістік және диплом алды практикаларды ұйымдастыру және өткізу;
- 4.17. Диплом жұмысын, қорытынды аттестаттауға даярлауды әдістемелік қамтамасыз ету және басқару;
- 4.18. МАК мүшелерін қалыптастыру, МАК жұмысын ұйымдастыру, МАК нәтижелерін талқылау және МАК ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша шараларды даярлау және жүзеге асыру;
- 4.19. Түлектерді даярлау сапасы туралы жұмыс берушілердің пікірлерін талдау және оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкес түзетулерді енгізу;
- 4.20. Түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ету, олардың кәсіби өсулеріне мониторинг жүргізу;
- 4.21. Университеттің Ғылыми Кеңесіне, ректор мен проректорларға университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, инновациялық, әлеуметтік-тәрбие, кадрлық саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар даярлау.

5. Құқықтары

Кафедра келесілерге құқылы:

- 5.1. МЖМБС талаптарын шегінде таңдау пәндері атауының тізімін және оны оқыту бойынша кредит орнатуға;
- 5.2. Оқу сабақтары түрлері бойынша оларды меңгеруге МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жоспарында пәндерді оқыту реттілігін, қорытынды аттестаттау түрін және сағат санын бөлуді орнатуға;
- 5.3. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын бекітуге ұсынуға және курстық жұмыс тақырыптарын бекітуге;
- 5.4. Жоғары мектепке бекітілген аудиториялық қорды білім алушылармен кеңес, қосымша сабақтарды өткізуге, кафедраның жоспары бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізуге қолдануға;
- 5.5. Жоғары мектептің ғылыми-педагогикалық қызметкерлері, оқу-көмекші және оқу-өндірістік персоналының құқықтары олардың лауазымдық нұсқауларында анықталған.

6. Жұмысты ұйымдастыруы

- 6.1. Жоғары мектептің жұмысы оқу, ғылыми, әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жан-жақты қамтыған ағымдағы және жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;
- 6.2. Институттың құжатнамасын жүргізу және сақтау тәртібі университеттің сапа менеджмент жүйесімен сәйкес номенклатуралық іс арқылы анықталынады.

7. Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы

7.1. Жоғары мектеп өз қызметінде университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен, сонымен қатар басқа да ЖОО институттарымен өзара қызметтеседі.

8. Жауапкершілігі

Институт келесілерге жауапты:

8.1. Жоғары мектепке жүктелген міндеттерді, қызметтерді және жауапкершіліктерді орындамағаны үшін;

8.2. МЖМБС талаптарына сәйкес келмейтін білім деңгейімен білім алушыларды даярлағаны үшін;

8.3. Білім алушылардың және жоғары мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен академиялық еркінділіктерін бұзғаны үшін;

8.4. Білім алушылар мен жоғары мектеп қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығының процесі мен ғылыми қызметті қамтамасыз ету үшін жабдықтарды оперативті басқару құқығы негізінде сақтамағаны үшін ж а у а п т ы.

9. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;

ҚР «Ғылым туралы» Заңы 8 ақпан 2011 ж. № 407-IV;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410- V;

ҚР-дағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Ішкі тәртіп ережелері;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.